

Қаражаттардың республикалық бюджетке қайтарылуын қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдау туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1997 жылғы 18 тамыздағы N 280

Қазақстан Республикасының шетел кредиторлары алдындағы міндеттемелерін орындау және дефолт фактілеріне жол бермеу мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 18 қарашадағы N 22-1-6/38, N 11987, 1995 жылғы 1 желтоқсандағы N 0000001, 1995 жылғы 1 желтоқсандағы N 0000002, 1992 жылғы 6 қарашадағы N 13-6/И-947 және 1993 жылғы 10 мамырдағы N 26-15/116 берілген мемлекеттік кепілдемелеріне сәйкес шетелдік банкілер шоттарының негізінде, 1997 жылға арналған республикалық бюджетте "Кредиттеу минус өтеу" тарауы бойынша көзделген қаражаттар шегінде - 1-қосымшаға сәйкес дәрменсіз қарыз алушылардың мерзімі өткен төлемдерін және 2-қосымшаға сәйкес төленуі керек төлемдерін, сондай-ақ есептелген айыппұл сомасын төлем жасалатын күнгі бағамдық айырмашылықтың өзгеруін ескере отырып төлесін.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкі

және "ТұранӘлем Банкі" жабық акционерлік қоғамы алынған қаражаттардың республикалық бюджетке қайтарылуын қамтамасыз ету жөнінде барлық қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы өкімнің орындалуын бақылау жасау Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
1997 жылғы 18 тамыздағы
N 280 өкіміне
1-қосымша

Шетел несиелерін өтеу жөніндегі
мерзімі өткен төлемдердің
СОМАСЫ

	валютасы	сомасы		процент	басқа.
		негізгі		борыш	лар
Германия несие жүйесі					
"Екібастұз- көмір" МАҚ	неміс маркасы	114 053,68 148 774,08	-	114 053,68 148 774,08	-
Барлығы	неміс маркасы	262 827,76	-	262 827,76	-

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
1997 жылғы 18 тамыздағы
N 280 өкіміне
2-қосымша

Шетел несиелерін өтеу жөніндегі
алда төленетін төлемдер
СОМАСЫ

Заемшы ұйым	Төлем	Төлем	Оның ішінде
валютасы	сомасы	негізгі	процент басқа.
	борыш	лар	
Канада несие жүйесі			
"Арвамир" кеңшары	АҚШ доллары	261 723,87	217 686,56 41 708,14 2329,17
"Аквест" БК	" "	982 210,87	757 351,86 217 191,68 7667,33

Германия					
несие жүйесі					
"Павлодар. неміс					
трактор" АҚ маркасы	4 847 105,01	3 539 073,34	1 308 031,67	-	
"Стройфар-					
фор" АҚ	1 632 541,57	1 358 854,97	273 686,60	-	
"Азат" кон.					
церні	2 817 104,24	2 567 000,00	250 104,24	-	
<hr/>					
Барлығы	АҚШ	1 243 934,74	975 038,42	258 899,82	9996,50
	доллары				
	неміс	9 296 750,82	7 464 928,31	1831 822,51	-
	маркасы				
<hr/>					